



| FORESTER

Шытырман оқиға таң арайымен басталады

Жаңа Forester арайлап таң ата бастағанда шытырман оқиғаға аттанатын сәттерге арналған. Оның жолсыз жермен жүру қабілеті мен керемет сенімділігі кез келген көкжиекті бағындыруға мүмкіндік береді. Қуатты әрі әмбебап Forester қазіргі өмір салтының үнемі өзгеріп тұратын қажеттіліктеріне бейімделе алады. Ол күнделікті сапарлар мен әсерлі шытырман оқиғаларға дайын.



Сенімділік осында басталады

Жаңа Forester үлкен 11,6 дюймдік орталық дисплеймен*¹ жабдықталады, соның арқасында ойын-сауық пен басқару элементтеріне тез әрі оңай қол жеткізуге болады. Жүріс жатықтығынан және смартфонды автокөлікке сымсыз жалғау технологиясы*^{1*2} сыйлайтын мүмкіндіктерден әр сапарда ләззат алыңыз.

- 1 4,2 дюймдік толық түсті СК дисплейі бар аспаптар тақтасы
- 2 Сымсыз зарядтау құрылғысы*^{1*2*3}
- 3 Harman/Kardon динамиктері орнатылған премиалды аудиожүйе*¹
- 4 Apple CarPlay*⁴ және Android Auto*^{2*5} интерфейстерін қолдайды*¹



Кеңдік пен жайлылық

Бірінші және екінші қатардағы иыққа, шынтаққа және аяққа арналған өз санатындағы ең үлкен кеңістік әр сапарды жағымды саяхатқа айналдырады. Әр бөлшек — орындықтардың ыңғайлы орналасуынан бастап бас үстіндегі кеңістікке дейін — сіздің жайлылығыңыз үшін мұқият ойластырылған.

- *1 Опция.
- *2 Сымсыз қосылыстың қолжетімділігі мен үйлесімдігі нарыққа және пайдаланылатын смартфон түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- *3 Кейбір смартфондар Qi стандартындағы сымсыз зарядтау құрылғыларымен үйлеспеуі мүмкін.
- *4 Apple CarPlay – АҚШ-та және басқа да елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.
- *5 Android және Android Auto – Google Inc компаниясының тауар белгілері.

Apple CarPlay және/немесе Android Auto кейбір аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін. Үйлесімдік смартфонның сипаттамаларына байланысты болуы мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті авторландырылған Subaru дилеріне хабарласыңыз. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге әрдайым жауапты болады. Қозғалыс кезінде сенсорлы экранды басқарудан бас тартыңыз.



Электржетегі және аяқ қимылының датчигі бар жүксалғыш қақпағы*¹

Жүксалғыш қақпағын аяқты бампер астында жай ғана қимылдатып, әсіресе қол бос емес кезде оңай ашуға және жабуға болады

Артқы орындық 60/40

Жүксалғышта белсенді өмір салты үшін қажеттінің бәріне орын жеткілікті. Оған қоса, артқы орындықтың арқалықтары 60/40 пропорциясында жиылып, ірі габаритті заттар мен ұзын жабдықтарды оңай тасуға мүмкіндік береді.

Бірге рақаттана сапар шегіңіз

Жаңа Forester шанағының жетілдірілген қаңқасы салондағы діріл мен жолдан естілетін шуды барынша азайтады. Тіпті тегіс емес жолда жайлы әрі бірқалыпты қозғалу жүргізуші мен жолаушылардың шаршауын азайтады. Осының арқасында қала ішінде де, ойлы-қырлы жерде де жүру еркін серуенге айналады.

Ауа ағындарын басқару жүйесі

Бағыт тұрақтылығын жақсартып, аэродинамикалық қарсылықты азайтады, сондай-ақ салондағы акустикалық жайлылықты және жалпы қозғалыс қауіпсіздігін арттырады



Шаршауды азайтатын эргономикалық орындықтар



Қозғалыстағы сенімділік

Жаңа Forester-дің айрықша жүру қасиеттеріне деген сеніммен саяхаттаңыз. Әр сапарда — қалада да, одан тыс жерлерде де — автокөліктің мүмкіндіктерінен және көлік жүргізу жайлылығынан ләззат алыңыз.



X-Mode жолсыз жермен жүру көмекші жүйесі*


X-MODE жүйесі ойлы-қырлы жермен және тік беткейде жүргенде жайлылықты қамтамасыз етіп, сенімділік ұялатады. Ол жүргізушіге табиғатқа саяхаттағанда көмектеседі, артқа жүргенде бақылауды жақсартады және автокөлік қарға не сазға батып қалғанда оның босап шығуын жеңілдетеді.



SI-DRIVE интеллектуалды жетек жүйесі

Subaru Intelligent Drive (SI-DRIVE) жүйесі жүргізушіге автокөліктің жүру қасиеттерін өзінің жүргізу стиліне ыңғайлауға мүмкіндік береді. Екі режимді таңдауға болады: Отын үнемдеу үшін Intelligent (I) және қарқынмен жүру үшін Sport (S).

*Опция.



SUBARU НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Subaru автокөліктерінің айрықша сипаттары

Subaru бренді тек Subaru автокөліктерін жүргізгенде сезінуге болатын айрықша сезімдер сыйлайтын фирмалық технологияларымен ерекшеленеді. Осы технологиялардың арқасында Subaru автокөліктері динамиканың, жайлылықтың, қауіпсіздік пен сенімділіктің ең жоғарғы стандарттарына сай болып, көлікті басқарғанда ләззат пен сабырлылық сезімін сыйлайды.

Lineartronic трансмиссиясы және айналдыру моментін белсенді үлестіретін толық жетек жүйесі

Lineartronic вариаторы қолжетімді диапазондағы оңтайлы беріліс қатынасын автоматты түрде таңдап, берілістерді ауыстырып қоспай-ақ қуаттың біркелкі үлестірілуін қамтамасыз етеді. Бұл қозғалтқыштың оңтайлы айналымдарын сақтауға мүмкіндік беру арқылы тиімді үдеуді, тамаша динамика мен жақсартылған отын үнемділігін қамтамасыз етеді. Трансмиссия айналдыру моментін белсенді үлестіретін Subaru толық жетек жүйесімен үйлесе отырып істейді. Айналдыру моментінің алдыңғы және артқы осьтер арасында теңдестіре үлестірілуі қажет кезде жол жабынмен ілінісу жағдайына байланысты автоматты түрде түзетіліп отырады.



SUBARU BOXER қозғалтқышы

Оппозитті (немесе көлденең-оппозитті) қозғалтқыш — бұл конструкциясы айрықша мотор, оның поршеньдері бір-біріне қарсы бағытта көлденең жазықтықта қозғалады. Subaru компаниясы әрдайым оппозитті қозғалтқыштарды артық көреді, себебі олардың басқа түрдегі күштік агрегаттар алдында артықшылықтары көп. Мұндай конструкция жоғары тұрақтылық пен сенімді жұмысты қамтамасыз етеді.

01 Subaru Global Platform жаһандық платформасы

Жетілдірілген Subaru Global Platform жаһандық платформасы симметриялы толық жетек жүйесімен бірге жолаушыларға максималды жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жаңа технологиялармен толықтырылған. Айтарлықтай жақсартылған динамикалық сипаттамалардың арқасында әр сапар жағымды әрі есте қаларлық болады.

02 Күшейтілген ішкі қаңқа

Конструкциялық желімді кеңінен қолданудың арқасында қозғалыс кезінде шанақтың күрт дірілдеуін азайту мүмкін болды. Автокөліктің рульді бұруға мінсіз кері жауабы кез келген жол жағдайларында теңдессіз әрі тұрақты басқару мүмкіндігіне кепілдік береді.

* Опция.

03 Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі*

Бұл заманауи қауіпсіздік жүйесі бетті тану үшін арнайы камерамен және бағдарламалық құралмен жабдықталған, соның көмегімен жүргізушінің шаршау және зейін қою деңгейі бақыланып отырады. Жүйе алдын бес ала тіркелген жүргізушіге дейін танып, көлікті жайлы жүргізу үшін дербес баптауларды шығаруға мүмкіндік береді.

04 Табиғи теңгерім

Қозғалтқыштың көлденең құрастырылуы басқа түрдегі күштік агрегаттармен салыстырғанда анағұрлым төмен діріл деңгейін қамтамасыз етеді.

Әрбір сапардағы қауіпсіздік

Subaru озық қауіпсіздік технологиялары сапар кезінде жайлылыққа көпідік береді. EyeSight^{*1} жүйесі мен Subaru Global Platform жетілдірілген жаһандық жүйесі бар жаңа Forester-де сіздің қауіпсіздігіңіз әрдайым бірінші орында тұрады. Оған қоса, автокөлік жүргізушімен болуы ықтимал проблемаларды анықтап, соларға сай жауап беретін жаңа автоматты түрде апаттық аялдау жүйесімен жабдықталады.



Subaru ұсынған EyeSight жүйесінің ең жаңа нұсқасы^{*1}

Енді EyeSight жүйесі^{*1} кең бұрышты монокулярлы камерамен жабдықталады, ол көлік жүргізуді бұрынғыдан да қауіпсіз ету үшін жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді анықтау диапазонын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік берді.

БАСТАПҚЫ ҚАУІПСІЗДІК

Тамаша көру мүмкіндігі, оңтайлы жүргізу қалпы және түсінуге жеңіл басқару элементтері қозғалыс басталмай тұрып-ақ қауіпсіздікті көрсетеді.

АКТИВТІ ҚАУІПСІЗДІК

Симметриялы толық жетек және Subaru Global Platform жаһандық платформасы сияқты технологиялар тура жүру, бұрылыстардан өту және тежеу кезінде негізгі параметрлердің дәл бақылануын қамтамасыз етеді.

ЕСКЕРТУШІ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ

EyeSight^{*1} сияқты озық қауіпсіздік технологиялары соқтығысудың алдын алуға көмектеседі.

ПАССИВТІ ҚАУІПСІЗДІК

Соқтығысу орын алған жағдайда пассивті қауіпсіздікті қозғалтқыштың орналасуы, Subaru Global Platform жаһандық платформасы және қауіпсіздік жастықтары қамтамасыз етеді^{*2}.

^{*1} EyeSight — бұл жүргізушінің көмекші жүйесі, оның қызметі кейбір қозғалыс жағдайларында шектеулі болуы мүмкін. Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға әрдайым жауапты болады. Бұл жүйенің тиімділігі көптеген факторларға, соның ішінде автокөліктің техникалық жағдайы, ауа райы және жол жағдайына байланысты болады. EyeSight жүйесінің жұмысы және оның шектеулері туралы, соның ішінде осы брошюрада сипатталған функциялар туралы толық ақпаратты пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

^{*2} Қауіпсіздік белбеулерімен тиімді үйлеседі.

Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға әрдайым жауапты болады. Көлік жүргізгенде тек технологияларға сенуге болмайды. Бұл жүйенің мүмкіндіктері шектеулі. Жүйе мен оның шектеулері туралы толық ақпарат пайдалану нұсқаулығында берілген. Толығырақ ақпаратты сатушыдан алуға болады.

EyeSight жүргізу көмекшілері



Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі^{*1}

Тану диапазонын кеңейтуге мүмкіндік берген кеңбұрышты камера мен бағдарламалық құралдың жақсартылған өнімділігінің арқасында жол қиылыстарында соқтығысудан жақсы қорғауды қамтамасыз етеді.



Акселераторды апат алды басқару жүйесі

Егер жүйе автокөлік алдында кедергі тұрғанын анықтаса, ал жүргізуші селектор тұтқасын «Reverse» күйінің орнына «Drive» күйіне қойса, онда жүйе дыбыстық ескерту беріп, автокөліктің қате бағытқа жүруін азайту үшін қозғалтқыш қуатын шектейді.



Бейімделетін круиз-контроль

Алдағы жол жағдайын талдауға және қозғалыс жылдамдығын және алдағы көлік құралына дейінгі қашықтықты автоматты түрде реттеуге қабілетті. Бұл жиі тоқтау қажет болатын қозғалыс жағдайларында өте ыңғайлы.



Автоматты түрде шұғыл маневр жасау жүйесі

Рульді автоматты түрде бұру арқылы соқтығысудың алдын алуға көмектеседі. Жүйе жол таңбаларын анықтағанда бетпобет соқтығысудың алдын алу үшін қауіпсіз маневр жасау мүмкіндігін бағалайды.

Өзге көмекшілер:

- Шалғай жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (НВА)^{*2}
- Қозғалыс жолағының ортасында ұстау жүйесі және алдағы автокөлік артынан еру кезінде бейімделетін руль жүйесі
- Қозғалыс жолағында ұстау көмекші жүйесі
- Алдағы көлік құралының қозғала бастағаны туралы ескерту жүйесі

Базалық жинақтамадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шешімдері



Автоматты апаттық аялдау жүйес

Жүргізуші рульді ұзақ уақыт қозғамаса, автокөлікті автоматты түрде толық тоқтата алады. Бұл жүргізушінің жай-күйі көлік басқару кезінде нашарлап кетсе, соқтығысудың алдын алуға көмектеседі өрі жолаушылар мен басқа да жол қозғалысы қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.



Бұрылыстарды жарықдиодпен жарықтандыру

Автокөліктің алдыңғы жағындағы жарықдиодты шамдар бұрылу кезінде жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді ерте анықтауға жәрдемдесіп, апаттың алдын алуға көмектеседі.



Қауіпсіздік жастықтары (SRS)^{*3}

Жаңа Forester-дің жоғары қауіпсіздік деңгейіне бетпе-бет соқтығысу кезінде максималды қорғанысты қамтамасыз ететін жолаушы орындығындағы қосымша қауіпсіздік жастығы сияқты инновациялық шешімдер арқылы қол жеткізіледі^{*3}. Салон ішінде барлығы сегіз қауіпсіздік жастығы қарастырылған.



Жақсартылған көрініс

Жаңа Forester-де шынайы жол жағдайларындағы көру мүмкіндігіне айрықша көңіл бөлінеді. Көру мүмкіндігінің жақсы болуы кедергілерді дер кезінде анықтауға көмектесіп, әр сапарда жайбарақат болатыныңызға кепілдік береді.

Өзге қауіпсіздік жүйелері:

- Айналыру моментін белсенді үлестіру жүйесі
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы
- Жолаушыларды қорғайтын конструкция
- Маневрлік
- Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)^{*2}
- Сақина тәріздес пішінді күшейтілген қаңқа
- Бұрылыстарды динамикалық жарықтандыру жүйесі (SRH)
- Subaru автокөлік артындағы нысандарды анықтау жүйесі (SRVD)
- Динамикалық бағытты тұрақтандыру жүйесі (VDC)

^{*1} Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі кейбір жағдайда іске қосылмай қалуы мүмкін. Нысандардың жылдамдығындағы айырмашылыққа, нысанның биіктігіне және басқа да жағдайларға байланысты әр жағдайда EyeSight оңтайлы жұмысына қажетті шарттар сақталмауы мүмкін.

^{*2} Опция.

^{*3} Қауіпсіздік белбеулерімен тиімді үйлеседі.

Тек көрнекілік үшін. Нақты өлшем болып табылмайды.

Жүргізуші көлікті қауіпсіз және мұқият жүргізуге, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін сақтауға әрдайым жауапты болады. Көлік жүргізгенде тек технологияларға сенуге болмайды. Бұл жүйенің мүмкіндіктері шектеулі. Жүйе мен оның шектеулері туралы толық ақпарат пайдалану нұсқаулығында берілген. Толығырақ ақпаратты сатушыдан алуға болады.

ЖИНАҚТАМАЛАР

FORESTER 2.5i-L EyeSight Elegance

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ	Ұ x Е x Б: 4655 x 1830 x 1730 мм
ҚОЗҒАЛТҚЫШ	Көлденең-оппозитті, 4 цилиндрлі, 4 тактілі, 16 клапанды, бензиндік, DOHC
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ	2498 текше см
МАКС. ҚУАТЫ	136 кВт (185 а. к.) – 5800 айн/мин
МАКС. АЙНАЛДЫРУ МОМЕНТІ .	247 Н•м (25,2 кгс•м) – 3700 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ	Lineartronic, толық жетек



СҰРҒЫЛТ-ЖАСЫЛ МЕТАЛЛИК (AUTUMN GREEN METALLIC)



FORESTER 2.5i-L EyeSight Prestige

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ	Ұ x Е x Б: 4655 x 1830 x 1730 мм
ҚОЗҒАЛТҚЫШ	Көлденең-оппозитті, 4 цилиндрлі, 4 тактілі, 16 клапанды, бензиндік, DOHC
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ	2498 текше см
МАКС. ҚУАТЫ	136 кВт (185 а. к.) – 5800 айн/мин
МАКС. АЙНАЛДЫРУ МОМЕНТІ .	247 Н•м (25,2 кгс•м) – 3700 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ	Lineartronic, толық жетек



АЛТЫН ТҮСТІ ОПАЛ (CASHMERE GOLD OPAL)



FORESTER 2.5i-Sport EyeSight Sport

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ	Ұ x Е x Б: 4655 x 1830 x 1730 мм
ҚОЗҒАЛТҚЫШ	Көлденең-оппозитті, 4 цилиндрлі, 4 тактілі, 16 клапанды, бензиндік, DOHC
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ	2498 текше см
МАКС. ҚУАТЫ	136 кВт (185 а. к.) – 5800 айн/мин
МАКС. АЙНАЛДЫРУ МОМЕНТІ .	247 Н•м (25,2 кгс•м) – 3700 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ	Lineartronic, толық жетек



АҚ СЕДЕП (CRYSTAL WHITE PEARL)



FORESTER 2.5i-S EyeSight Premium

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ	Ұ x Е x Б: 4655 x 1830 x 1730 мм
ҚОЗҒАЛТҚЫШ	Көлденең-оппозитті, 4 цилиндрлі, 4 тактілі, 16 клапанды, бензиндік, DOHC
ЖҰМЫС КӨЛЕМІ	2498 текше см
МАКС. ҚУАТЫ	136 кВт (185 а. к.) – 5800 айн/мин
МАКС. АЙНАЛДЫРУ МОМЕНТІ .	247 Н•м (25,2 кгс•м) – 3700 айн/мин
ТРАНСМИССИЯ	Lineartronic, толық жетек



КӨК СЕДЕП (SAPPHIRE BLUE PEARL)



ЭКСТЕРЬЕР МЕН ИНТЕРЬЕР БӨЛШЕКТЕРІ



Жарықдиодты фаралар



18 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері (2.5i-S Eyesight, 2.5i-L EyeSight)



18 дюймдік жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері (2.5i-Sport EyeSight)



Жарықдиодты тұман фаралары*¹



Шатырдағы рейлингтер (төмен профильді) Шатырдағы рейлингтер (саты түріндегі)



Алдыңғы USB ағытпалары (Type-A және Type-C*¹) Артқы USB ағытпалары*¹



Жүргізушінің 10 бағытта электрлі реттелетін орындығы*¹



Жүксалғыш бөлімнің қақпағындағы жарықдиодты шам*²



Шатырдағы электржетегі бар және еңкеюі бойынша реттелетін шыны люк*¹



Артқы қатардағы үрлеу дефлекторлары



Жүксалғыштағы ілмектер

*¹ Опция. *² Тек 2.5i-Sport нұсқасы үшін.

ШАНАҚ ТҮСІ



CRYSTAL WHITE PEARL (АҚ СЕДЕП)




ICE SILVER METALLIC (КҮМІС МЕТАЛЛИК)



MAGNETITE GRAY METALLIC (КҮҢГІРТ-СҰР МЕТАЛЛИК)



CRYSTAL BLACK SILICA (ҚАРА МЕТАЛЛИК)



DAYBREAK BLUE PEARL (АШЫҚ КӨК МАРЖАН)*



SAPPHIRE BLUE PEARL (КӨК СЕДЕП)*




AUTUMN GREEN METALLIC (СҰРҒЫЛТ-ЖАСЫЛ МЕТАЛЛИК)



CASHMERE GOLD OPAL (АЛТЫН ТҮСТІ ОПАЛ)*



BRILLIANT BRONZE METALLIC (ҚОЛА МЕТАЛЛИК)*




RIVER ROCK PEARL (МАРЖАНДАЙ СҰР)




CRIMSON RED PEARL (ҚЫЗЫЛ СЕДЕП)*


ОРЫНДЫҚТАРДЫҢ МАТЕРИАЛЫ




Қара түсті былғары (2.5i-S EyeSight)




Қоңыр түсті былғары (2.5i-S EyeSight)



Қара түсті мата (2.5i- L EyeSight)





Сұр түсті мата (2.5i- L EyeSight)



Полиуретан (2.5i-Sport EyeSight)

* 2.5i-Sport нұсқасы үшін қолжетімді емес.

ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ



Өлшемдер SUBARU CORPORATION стандарттарына сәйкес өлшенеді.

Баспадағы және экрандағы түстердің берілу ерекшеліктеріне байланысты суреттегі түстер шынайы түстен өзгеше болуы мүмкін. Оған қоса, орындық қаптауыштарының түстері мен нұсқалары нарыққа байланысты өртүрлі болуы мүмкін.

Функциялардың, опциялардың немесе пакеттердің қолжетімділігі модельге және аймаққа байланысты. Сипаттамаларын салыстырып қараңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті авторландырылған Subaru дилеріне хабарласыңыз.

SUBARU CORPORATION хабарлаусыз техникалық сипаттамаларды және жинақтаманы өзгерту құқығын сақтап қалады. Техникалық сипаттамалар, жинақтама, түстердің қолжетімділігі және модельдік қатар жергілікті жағдайларға және талаптарға байланысты. Өз аймағыңызда талап өтілуі мүмкін кез келген өзгерістер туралы ақпарат алу үшін жергілікті сатушыға хабарласыңыз.

3 ЖЫЛ КЕПІЛДІК

Осы кітапшада берілген модельдік қатарға және өнімнің/автокөліктердің жинақтамасына қатысты ақпарат тек ақпараттық сипатта ұсынылған, ол жергілікті талаптарға, шектеулерге байланысты және моделі мен жинақтамасына қарай өзгеше болуы мүмкін және ҚР Азаматтық кодексінің 447-бабына сәйкес жария оферта болып саналмайды.

Кітапшада ұсынылған өнім туралы ақпарат бұл өнім Subaru дилерлерінде сатылымда бар екенін білдірмейді. Қандай да бір автокөлікті сатып алудың негізгі талаптары тиісті сатып алу-сату шарттарында белгіленеді.



Subaru компаниясы мен автокөліктері туралы барлық жаңалықтан үнемі хабардар болу үшін біздің сайтымызға кіріңіз.

subaru.kz



Subaru туралы соңғы бейнелерді көру үшін біздің арнамызға жазылыңыз және пікірлерге қосылыңыз.

youtube.com/subarukazakhstan



Subaru қоғамдастығымен бірге байланыста болыңыз, сонда ең соңғы жаңалықтарды бірінші болып білесіз.

facebook.com/subaru.kz



Бүкіл Қазақстаннан жиналған достарымыздың мыңдаған фотосуреті. Subaru ресми қоғамдастығына жазылыңыз.

instagram.com/subaru.kazakhstan/